

## Қоғамдық кеңестің хатамасы № 13

25 желтоқсан 2023 жыл

### Ақсуат аудандық әкімшілігі

Қоғамдық кеңестің күнтізбесіне төмендегі мәселелер қысынды.

1. Ақсуат ауданының «2024-2026 жылдарға арналған бюджеті туралы» (Хабарламашы экономика және қаржы бөлімінің басшысы С.Серікова)
2. «Ақсуат ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ Ақсуат ауданы мәслихатының «Ақсуат ауданында тұрғын үй көмегін қорсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» Ақсуат аудандық мәслихатының 2023 жылғы 11 қазандағы нөмірі 7/5 –VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы. (Хабарламашы бөлімнің бас маманы А.Нүкішева)

### Т ы н д а л д ы

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша бөлім басшысы С.Серікова хабарлама жасады.

### С ұ р а қ т а р

- 1.Е. Жұмахан – Ақсуат мәдениет үйіне осымен екі рет күрделі ремонт жасалды,неге сонда дәретхана қаралмаған,сол сияқты үш парк бар стадион бар солардың барлығында дәретхана жоқ,ұят жағдай ғой ,осыны проект жасағанда ЖКХ неге қарамайды?
2. Е.Тоқтабаев- «Ауыл ел бесігі бағдарламасымен, Құмкөл ауылының көшелеріне асфальт төселмейді?
- 3.Е.Рахымжанов- «Сәлем» дүкенінің қасындағы жол жаяу жүргіншілер үшін өте қауіпті,сол жерге знак бола ма,бір нәрсе қойылса?
- 4.Б.Қабышев- Автокөліктер қоятын автотұрақ жасалмай ма,машинлар көрінген жерде тұрады,ол ақылыболса ,бюджетке де ақша түседі ғой?
- 5.С.Серіков- Базардың маңынан ақылы дәретхана салына ма?
- 6.С.Жәлелбеков- 14 үй саынады деді ғой сол аудан орталығына ма ауылдарға салына ма?
- 7.Е.Жұмахан- Нұсқаушылар жұмысқа қалай алынады,есепшілер бірнеше жерде жұмыс жасайды, оларға табель қалай түсіріледі?
- 8.Б.Қабышев- аудан орталығынан мектеп 9 ауыл,а дәрігерлік пункттер мепн амбулаториялар саынады деген сол биыл бастала ма?

**9.Б.Кемербаев**-Жалпы проектiлер жасалады,соған байланысты қаражат бөлінеді,ал кейбір прокетілір қаражат жоқтықтан қала береді,сол себепті ақша бөлінетін болса ғана проект жасалу керек деп ойлаймын.

### **Жарыс сөз**

**Е.Жқмаханов –Қоғамдық кеңес төрағасы.**

Құрметті қоғамдық кеңес мүшелері!

Биылғы жылды осымен аяқтаймыз,барлығыңызға үлкен рахмет айтамын,жұмысқа белсенді қатысып, пікір білдіріп отырғандарыңыз үшін. Мына қарап отырған бюджетіміз ауданның болашаы үшін өте құнды құжат. Әрине барлық жұмысты атқарып тастағанға қаражат жетпейді, соның өзінде бірталай мәселелер келесі жылдары шешілетінін көрдіңіздер.Өркениетке қарай қадам басамыз десек,алдымен мәдениетімізді қолға алуымыз керек,менің жаңа айтып отырған дәретхана туралы сөзім,қанашама үлкен кафелер жұмыс істеп тұр, әрине жақсы бірақ соның ішінде дәретхананың болмауы ұят нәрсе.Келешекте осы мәселе назардан тыс қалмау керек. Қоғамдық кеңес қозғаушы күш дегеніміз ,сол істеліп жатқан шаруаларда шалалық болмаса, кемшіліктер жіберілмесе соны қадағалап отырсақ деген сөз.Келесі жылы ауданымызда ауқымды шаруалар істеліп ,экономикасы алға басып,халықтың тұрмыс жағдайы жоғараласа міне сонда біздің де ,басқа қоғамдық ұйымдардың жұмысы көрінетін болады. Барлығыңызды келе жатқан жаңа жылмен құттықтаймын,отбасыларыңызға амандық тілеймін!

### **Қ А Р А Р**

- 1.Ақсуат ауданының 2024-2026 жылдарға арналған бюджеті толық мақұлдансын.**
- 2.Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің құжаты жасалған толықтыруларымен бекуге келісім берілсін.**

Қоғамдық кеңес хатшысы:



**А.Иманғалиева**